

1./2. Кедейлікті, Аштықты жою

2024 жылы «KTZ Express» АҚ, сондай-ақ олардың филиалдары мен еншілес ұйымдары қызметкерлерінің жеке қаражаты есебінен қайырымдылыққа жұмсаған сомасы 1,4 млн.теңгені құрады.

3. Жақсы денсаулық және әл-ауқат

2024 жылы «KTZ Express» АҚ филиалдары мен еншілес ұйымдарында өндірістік жарақат алу немесе жарақаттану жағдайларына жол берілген жоқ.

4. Сапалы білім

2024 жылы «KTZ Express» АҚ міндетті корпоративтік оқудан 965 қызметкер, 115 қызметкер даярлаудан, қайта даярлаудан, біліктілігін арттырудан өтті.

5. Гендерлік теңдік

2024 жылдың соңындағы жағдай бойынша «KTZ Express» АҚ Басқарма құрамы 7 адамнан тұрады, оның ішінде 5 ер және 2 әйел адам.

6. Таза су және санитарлық тазалық

2024 жылға суару жүйелеріне арналған су қоймасына жаңбыр суының жинақталуы, жоспар бойынша 120 м3 жаңбыр суы жиналды.

2024 жылға арналған «KTZ Express» АҚ қызметіндегі ESG факторлары

«KTZ Express» АҚ өз қызметінде БҰҰ-ның 17 тұрақты даму мақсатының 12-сін ескереді (ішкі бағалау шеңберінде)



8. Лайықты жұмыс және экономикалық өсу

2024 жылдың қорытындысы бойынша «KTZ Express» АҚ компаниялар тобының Кадрлық резервіне енгізілген қызметкерлер саны 66 адамды құрады. «KTZ Express» АҚ филиалдары мен еншілес ұйымдарының қызметкерлері еңбек жағдайының зияндылығы үшін тарифтік мөлшерлемеге қосымша ақы алады.

17. Тұрақты даму үшін серіктестік

«KTZ Express» АҚ «Атамекен» ҚР ҰКП алаңында Тұрақты даму жөніндегі кеңестің мүшесі болып табылады.

13. Климат өзгеруімен күрес

180 түп ағаштар мен бұталар отырғызу жүзеге асырылды, сондай-ақ 2024 жылы 60 кг люминесцентті лампалар кәдеге жаратылды.

12. Жауапты тұтыну және өндіру

2024 жылы «KTZ Express» АҚ бойынша: макулатура – 683 кг, пластик – 60 кг жалпы сомасы 33,160 теңге, сонымен қатар 38 кг батареикалар жиналған және өтеусіз негізде кәдеге жаратылды.

11. Тұрақты қалалар мен елді мекендер

2024 жылы рұқсат етілген ластаушы заттардың шығарындылары 50,6 тоннаны құрады, 2024 жылы «KTZ Express» ластаушы заттардың шығарындылары 3,49 тоннаны құрады, бұл рұқсат етілген көлемнен 14 есе төмен.

10. Теңсіздікті азайту

«KTZ Express» АҚ қызметкерлерінің жалпы штат санында ерекше қажеттіліктері бар 3 қызметкер бар.